- Үздіксіз жұмыс істеудің уақыты 1 минуттан аспауы тиіс, сондықтан жұмыс істеген әр 60 секундтан кейін 3-5 минут үзіліс жасау керек. Циклдердің саны – бір пайдаланғанда 5-тен артық емес. Жұмыстың осындай 5 циклінен (60 секунд қосу 3-5 минуттық үзіліс) кейін кем дегенде 30 минут үзіліс қажет.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР:** Блендер құралдың пышақтарының (қондырмаларының) жүздері өте өткір, құрылғыдан оның қондырмаларын (пышақтарын) ажыратып, шығарып алғанда немесе оларды тазалау кезінде сақ болыңыз!

## Құрылғының пайдалану саласы

Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес пайдаланылуы тиіс. Құрылғыны өнеркәсіптік мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

## Құрылғының сипаттамасы



### Қол блендері

- A. Блендер құрылғының жұмыс жылдамдығын реттейтін арнайы реттегіші;
- B. Блендер құрылғының жылдамдық режимін таңдап реттеуге арналған батырмасы;

- C. Turbo (ең жоғары) максималды жылдамдық режимін қосуға арналған батырмасы;
- D. Блендердің ұстағышы (моторлы блогы), қондырмаларына арналған бекіткіш батырмалары;
- E. Блендерлік қондырмасы;

### **Көпіршіткіш**

- F. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышы;
- G. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасы (венчигі);
- H. Стаканның қақпағы;
- I. Стакан;

### **Тілімшелеу комбайны (ұсақтағыш бөлігі)**

- J. Итергіші;
- K. Комбайнның қақпағы;
- L. Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасының айналмалы пышағы;
- M. Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған кескіш пышақтарының ұстағышы;
- N. Комбайнның тостағаны (комбайндағы тостағанның қадауы/істігі);
- O. Комбайндағы ұсақтағышының пышағы;
- P. Кескіш дискісі (тілімдеп/ұсақтап кесуге арналған қондырмасы);
- Q. Кескіш дискісінің білігі (тілімдеп/ұсақтап кесуге арналған қондырмасы);
- R. Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын тазартуға арналған құрал;

### **Құрылғының жиынтықтылығы**

- Ұстағышы (моторлы блогы)– 1 дана.
- Блендерлік қондырмасы – 1 дана.
- Бұлғауыш қондырмасы - 1 дана.
- Бұлғауыш қондырмасының жалғастырғышы – 1 дана.
- Стакан – 1 дана.
- Стаканның қақпағы – 1 дана.
- Итергіш – 1 дана.
- Комбайнның қақпағы – 1 дана.
- Кескіш дискісі (тілімдеп/ұсақтап кесуге арналған қондырмасы) – 1 дана.
- Кескіш дискісінің білігі – 1 дана.
- Комбайнның пышағы – 1 дана.
- Комбайнның тостағаны – 1 дана.
- Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасы (пышағы) – 1 дана.
- Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасы (торы) – 1 дана.
- Кескіш пышақтарының ұстағышы – 1 дана.
- Өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын тазартуға арналған құрал–1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
- Кепілдік талоны – 1 дана.

### **Құрылғыны іске қоспас бұрын жұмысқа дайындау және пайдалану**


- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз, содан кейін оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-

жарақтарын, қондырмаларын қарап, тексеріп шығыңыз, сонымен қатар құрылғымен бірге жеткізілетін барлық құрастырма бірліктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.

- Блендер құрылғыны алғашқы рет пайдаланар алдында, оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын жылы сабынды суда жақсылап жуыңыз да, таза суда шайып шығыңыз.

**Назар аударыңыздар: Тағамдық өнімдерін өңдеу барысында, яғни құралдың қондырмаларын қолданып, жұмыс жасағанда сақ болыңыз: блендер құралдың қондырмаларының (пышақтарының) жүздері өте өткір!**

*Блендердің сипаттамасы.*



Қол блендері соустарды, сорпа-езбелерді, майонез және балалар тағамын әзірлеу кезінде өте қолайлы, сондай-ақ, сүт коктейльдерін көпсіту үшін дөп келеді.

**Назар аударыңыздар!** Құрылғының блендерлік қондырмасын қолданып, комбайнның тостағанында тағамдық өнімдерін өңдеуге тыйым салынады, ол үшін оған арналған арнайы ыдысты - стақан (I) немесе кез келген басқа сыйымдылықты пайдалануға болады, сонымен қатар, қоспалардың шайқалып төгілуін болдыртпау үшін азық-түлік салынған ыдыс-аяқтың ернеуінің биік болғаны дұрыс.

- Ернеуі жоғары ыдыс-аяқты (стақанды) шамамен 500 мл. мөлшерде азық-түлікпен толтырыңыз, көрсетілген мөлшерден асыра толтырмаңыз.
- Алынбалы пышақтары бар блендерлік қондырмасын (E) блендер ұстағышының (D) сыртқы корпусына кигізіп, оны бекітіңіз.
- Блендерлік қондырмасының пышақтары тағамдық өнімге түсірілмейінше құралды қоспаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалы розеткаға жалғастырып қосыңыз. Блендерді мықтап ұстап тұрыңыз, оны іске қосу алдында,


блендердің жұмыс бөлігін азық өнімдер салынған ыдысқа салыңыз, яғни араластырылатын тағам өнімдеріне батырыңыз (азық-түлік салынған ыдыс-аяқтың ернеуінің биік болғаны дұрыс).

- Блендер құрылғының жұмыс жылдамдығын реттейтін арнайы реттегіштің (А) көмегімен қажетті жылдамдықты, яғни қондырманың айналу жылдамдығын таңдаңыз, таңдап алған жылдамдықта жұмыс жасау үшін (В) батырмасын басыңыз.
- Блендер құрылғының жұмыс жылдамдығын реттейтін арнайы реттегіші (А) тек қана жылдамдық режимнің (В) батырмасы үшін белсенді. Сондай-ақ, блендер құрылғының жұмыс жылдамдығын, яғни қондырманың айналу жылдамдығын, жұмыс үдерісі кезінде (В) жылдамдық режимінің батырмасын басу арқылы да, реттеуге болады.
- Ең жоғары қуаттылықпен жұмыс жасау үшін Turbo (С) максималды жылдамдық режимін қосуға арналған батырмасын пайдаланыңыз. Құрылғының жұмыс жылдамдығын реттейтін арнайы реттегіші (А) Turbo (С) батырмасы үшін белсенді емес.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін блендерді сөндіріңіз де, оны ыдыс-аяқтан шығарып алыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз да, пышақтары бар алынбалы блендерлік қондырмасын тазалау үшін бөлшектенізі.

Блендерлік қондырманы ұсынылған уақыты және салынатын азық-түліктің мөлшері

Азық-түлік	Мөлшері	Уақыты сек.
Балалар тағамы, көжелер, тұздықтар	100-400 мл	60
Сұйық камыр	100-500 мл	60
Коктейльдер және сусындар	100 - 1000 мл	60

*Ұсақтағышының сипаттамасы.*



Ұсақтағышының көмегімен Сіз шикі және пісірілген көкөністерді, ірімшікті және пісірілген етті ұсақтап немесе майдалап тұрай аласыз.

**Назар аударыңыздар!** Кофе дәндерін, дәмдеуіштердің қатты дәндерін, мұз және т.б. осы секілді қатты өнімдерді үгітпеңіз, өйткені олар пышақтардың сынуына әкеп соғуы мүмкін.

**Құрылғының ұсақтағыш бөлігін пайдалану**

- Пісірілген етті сүйегінен ажыратып алыңыз, етті кесектеп 1-2 см етіп тураңыз.
- Комбайнның (ұсақтағышының) пышағын (О) комбайндағы тостағанның қадауына/істігіне (N) орнатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! Тағамдық өнімдерін өндеу барысында, яғни комбайнның ұсақтағыш қондырмасының пышағын (О) қолданып, жұмыс жасағанда абай болыңыз. Пышақты металл бөлігінен ұстамаңыз, оның жүздері өте өткір!**

- Тағамдық өнімдерді комбайнның тостағанына салыңыз.
- Комбайнның қақпағын (К) жалғап, оны сағат тілінің бағытымен, оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, бұрап бекітіңіз.
- Блендердің ұстағышын (D) комбайнның қақпағына (К) жалғаңыз да, оны бекітіңіз.
- Блендер құрылғыны қолмен мықтап ұстап тұрып, оны іске қосу үшін құрылғының іске қосу батырмасын басыңыз.
- Блендер құрылғыны қолданып болғаннан кейін, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз да, блендер құрылғының ұсақтағыш (ұсақтағышының пышағын) бөлігін бөлшектеңіз.

Ұсақтағышты пайдаланудың ұсынылған уақыты және салынатын азық-түліктің мөлшері

Азық-түлік	Мөлшері	Уақыты сек.
Ет	200г	10-15
Шөптер	20г	20
Ірімшік	150г	15
Жұмыртқа	2 – 4 дана.	15
Пияз	100г	10


### ***Көпіршіткіштің сипаттамасы***

Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының көмегімен жұмыртқа ақуызын, қаймақты шайқауға және т.б. осы сияқты тамақ өнімдерді бұлғауға, сонымен қатар сүтті көпіршітілген қою көбікке айналдыруға болады, сонымен қатар бұл қондырғысының арқасында сіз көпіршітілген крем тәрізді қою тұздықтар мен тәттілерді және десерттік тағам дайындай аласыз.

### ***Көпіршіткіш қондырмасын пайдалану***

- Блендердің ұстағышына (D) көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышын (F) кигізіп орнатыңыз. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын венчикті (G) жалғастырғыштың сыңалауына оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, яғни ол толығымен бекітілгенше оны дұрыстап қондырып орнатыңыз.
- Ернеуі жоғары стаканға (I) көпіршітуге арналған тағамдық өнімдерді салыңыз.
- **Назар аударыңыздар!** Құрылғының көпіршіткіш қондырмасын қолданып, комбайнның тостағанында тағамдық өнімдерін өндеуге тыйым салынады.
- Құрылғы пайдалануға дайын.

**Назар аударыңыздар!** 4 жұмыртқадан көп немесе 400 мл қаймақтан. **Үздіксіз жұмыс істеудің уақыты 3 минуттан аспауы тиіс.** Бұлғаған кезде жұмыс істеген әр 3 минуттан кейін 5 минут ішінде үзіліс жасау керек. Құрылғының істен шығуына, сынуына не зақымдауына жол бермес үшін маргарин, сары май және т.б. осы секілді қатты қою тағамдық өнімдерді көпіршітпеніз, қою өнімдерді көпіршітпес бұрын, оларды жартылай сұйық және жұмсақ болғанша жылытыңыз. Көпіршітуге арналған тағамдық өнімдердің қоспасы (массасы) көпіршіткіш қодырмасының қалақшаларынан жоғары болмауы керек.




- Тағамдық өнімдерді көпіршітіп болған соң, яғни блендер құрылғыны қолданып болғаннан кейін, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз да, оның көпіршіткіш (бұлғауыш) қодырмасын және қодырмасының жалғастырғышын тазалау үшін бөлшектеңіз.

Бұлғауғышты пайдаланудың ұсынылған уақыты және салынатын азық-түліктің мөлшері

Азық-түлік	Мөлшері	Уақыты сек.
Кілегей	250 г	70-90
Жұмыртқа ақуызы	4 дана.	120

**Тілімшелеу комбайнның сипаттамасы**



Тілімшелеу комбайн қияр, сәбіз, картоп және тағы басқа осы сияқты өнімдерді, сондай-ақ, ірімшіктің кейбір түрлерін бірнеше тілімге майдалап турауға, үтуге және ұсақтап кесуге арналған. Тілімшелеу комбайнын қолдана отырып, етті ұсақтауға тыйым салынады. Комбайнның максималды жүктемесі: 1000 гр.

**Тілімшелеу комбайнды пайдалану:**




- Кескіш қондырмасының білігін (Q) комбайндағы тостағанның қадауына/істігіне (N) орнатыңыз.
- Кескіш дискісін (P) (тағам өнімдерді тілімдеп/ұсақтап кесуге арналған қондырмасын) кескіш қондырмасының білігіне (Q) орнатыңыз. Кескіш дискісін артқы жағымен орнату арқылы ұсақтаудың/тілімдеудің басқа түрін алуға болады.
- Комбайнның қақпағын (K) үстіне орнатып, оны сағат тілінің бағытымен бұрап бекітіңіз. Комбайнның қақпағы мықтылап құлыпталуы тиіс, ол үшін оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, яғни ол толығымен бекітілгенше оны бұраңыз.
- Блендердің ұстағышын (D) комбайнның қақпағына (K) орнатыңыз да, бекітіңіз.
- Ұсақтап кесуге арналған тағамдық өнімдерді комбайн қақпағының (K) бетіндегі тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауына (түтік тәрізді тиеуіш мойын бөлігіне) салыңыз.
- Блендер құрылғыны қолмен мықтап ұстап тұрып, оны іске қосыңыз, ол үшін оның іске қосу батырмасын басыңыз.
- Блендердің пластик итергішін (J) қолдана отырып, оның көмегімен тағамдық өнімдерді комбайнның тостағанына тығыздап итеру арқылы өткізіп алыңыз. Егер жұмыс барысында немесе тағамдық өнімдерді енгізу кезінде комбайнның қақпағындағы тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауында (тиеуіш мойын бөлігінде) өнімдердің кей бөліктері тұрып қалса, құрылғыны сөндіріп, блендердің ұстағышын комбайнның қақпағынан ажыратып алыңыз, содан кейін комбайн тостағанының тұтқасындағы батырмасын басыңыз да, қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз, содан соң тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауынан (тиеуіш мойын бөлігінен) тұрып қалған өнімдерді алу қажет.
- Жұмыс аяқталған соң, яғни құрылғымен қолданып болғаннан кейін, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратып алыңыз да, комбайнды тазалау үшін бөлшектеніңіз.

### ***Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын пайдалану***

Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасы шикі көкөністер мен жемістерді, сондай-ақ пісірілген етті, пісірілген көкөністерді және басқа да пісірілген тағам өнімдерін текшелеп кесуге мүмкіндік береді.

**Назар аударыңыздар:** Мұздатылған азық-түліктерді ұсақтап кесуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Мұздатылған азық-түліктерді өңдеу алдында оларды бөлме температурасында 4 сағат бойы ерітіңіз. Сондай-ақ, блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын қолданып, сүйегі бар етті, сүйекті жемістерді, немесе қабығы қатты жемістерді ұсақтауға тыйым салынады, құрылғыға бұндай азық-түліктерді салушы болмаңыз, себебі ол пышақтардың сынуына әкелуі мүмкін.



Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасың құрылғыға орнату үшін суреттегі нұсқауларын және төменде берілген ескертулерін қолданыңыз және келісідей орындаңыз:

1. Кескіш пышақтарының ұстағышын (M) орнатылған тормен бірге комбайнның тостағанында орнатыңыз. Барлық шығыңқы (дөнес) жерлері тиісті ойықтармен (ұяшықтармен) сәйкес келуі керек.
2. Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасының айналмалы пышағын (L) кескіш пышақтарының ұстағышына (M) орнатыңыз.
3. Комбайнның қақпағын (K) үстіне орнатып, оны сағат тілінің бағытымен бұрап бекітіңіз. Қақпақтың жабылғанын білдіретін Сіз шертпек секілді сарт еткен дыбысын естуіңіз керек –комбайнның қақпағы тығыз жабылды, құрылғымен пайдалануыңызға болады.
4. Блендердің ұстағышын (D) комбайнның қақпағына жалғаңыз да, оны бекітіңіз.
5. Комбайн қақпағының бетіндегі тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауына (түтік тәрізді тиеуіш мойын бөлігіне) өнімдерді салыңыз.
6. Блендер құрылғыны қолмен мықтап ұстап тұрып, оны іске қосу үшін құрылғының іске қосу батырмасын басыңыз.
7. Сондай-ақ, құрылғымен бірге оның жеткізілім жиынтығында блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын тазартуға арналған құрал (тор) (R) бар.
8. Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасың пайдаланып болған соң, оны тазартуға арналған құралын (R) пайдаланыңыз.

**Назар аударыңыздар!** Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын пайдалану барысында тағамдық өнімдерді итергішпен (J) ғана тығыздап итеру керек.

Тағамдық өнімдердің бірінші порциясын өндегеннен кейін комбайнның тостағанын сәл шайқап жіберіңіз, осылайша, тостағандағы өнімдердің кесілген кесектері ыдыстың ішінде біркелкі етіп үлестіріліп бөлінеді. Егер жұмыс барысында немесе тағамдық өнімдерді енгізу кезінде комбайнның қақпағындағы тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауында (тиеуіш мойын бөлігінде) өнімдердің кей бөліктері тұрып қалса, құрылғыны сөндіріп, блендердің ұстағышын комбайнның қақпағынан ажыратып алыңыз, содан кейін комбайн тостағанының тұтқасындағы батырмасын басыңыз да, қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз, содан соң тағамдық өнімдер жүктелінетін саңылауынан (тиеуіш мойын бөлігінен) тұрып қалған өнімдерді алу қажет. Жұмыс аяқталған соң, яғни құрылғымен қолданып болғаннан кейін, құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратыңыз, содан кейін блендердің ұстағышын комбайнның тостағанынан ажыратып алыңыз.

Комбайндағы тостағанның қақпағын ашыңыз, ол үшін комбайн тостағанының тұтқасындағы батырмасын басыңыз да, содан кейін қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз, содан соң орнатылған пышақтарды шығарып алыңыз.

Блендердің пышақтарын пайдалану кезінде барынша сақтық танытыңыз: пышақтарының жүздері өте өткір! Комбайнның тостағанында туралған азық-түлікті басқа ыдысқа салып, тостағанды босатыңыз. Кез-келген өнімнің максималды жүктемесі (құрылғыға түсетін жүк-салмақ) 1000 гр-нан аспауы керек.

Тамақ өнімдері	Максималды салмағы, гр.
Картоп	1000
Сәбіз	1000
Қызылша	1000
Балдыркөк	1000

Ірімшік	1000
Қияр	1000
Алма	1000
Банан	1000

### **Назар аударыңыздар!**

- Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын қолданып, мұздатылған көкөністер мен жемістерді, қабығы қатты және сүйекті жемістерді немесе дөнегі бар көкөністерді, сонымен қатар тым қатты тағамдық өнімдерді (мысалы, жаңғақ) ұсақтауға тыйым салынады, сондай-ақ блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын, оның пышақтарын шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз, себебі, бұл құрылғыдағы қондырманың және оның пышақтарының айналу жылдамдығының едәуір төмендеуіне және шамадан тыс жүктелуіне әкеп соғуы мүмкін, мұндай әсердің болуы құрылғының қалыпты жұмыс істеуіне теріс әсерін тигізіп, құрылғының автоматты түрде сөнуіне әкелуі мүмкін.

- Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасының тор мен пышақтың арасындағы саңылауының бітелуіне жол бермеңіз. Егер де, блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасының тор мен пышақтың арасындағы саңылауында көкөніс өнімдерінің қалдықтары тұрып қалса, бұл құрылғыдағы қондырманың айналу жылдамдығын кенеттен төмендетіп, құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкеп соғуы мүмкін. Қондырмасының тор мен пышақтың арасындағы саңылау бітеліп қалса, құрылғыны тазарту қажет, бұл жағдайда құрылғыны сөндіріп, оның электр желілік баусымын электр желісінен ажыратып, құрылғының өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын бөлшектеңіз де, оның ішінде тұрып қалған көкөніс өнімдерінің қалдықтарын алып тастаңыз.

**Назар аударыңыздар!** Егер де, жұмыс барысында құрылғының шамадан тыс жүктелуі салдарынан құрылғы автоматты түрде тоқтап, сөніп қалатын болса:

- құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желідегі ашалы розеткадан суырып, ажыратып алыңыз.
- құрылғыны бөлшектемес бұрын, ол әбден суығанша, 30 минут бойы күте тұрыңыз.
- Құрылғы суыған соң, алдымен блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын бөлшектеп, тазартыңыз, оның ішінде тұрып қалған көкөніс өнімдерінің қалдықтарын алып тастаңыз.
- блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын қайтадан құрастырып жинаңыз, қондырманы құрастырып жинаған кезде, оның торы мен пышағының дұрыс орнатылып, мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- содан кейін блендерді қайтадан іске қосу қажет, ол үшін оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісіне жалғастырып қосыңыз.

**Назар аударыңыздар: Блендердің өнімдерді текше пішінді етіп кесуге арналған қондырмасын пайдаланып болған соң, блендерді сөндіріп, шамалы 30 минутқа дейін үзіліс жасау керек.**

### **Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету жөніндегі ережелері**

1. Блендер құрылғыны тазартпас бұрын, құрылғыны сөндіріп, оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желісінен ажыратыңыз.

2. Комбайнның қақпағын, блендердің ұстағышын және көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын қоспағанда, құрылғының басқа барлық бөлшектерін жылы судың астында жуып-шайыңыз. **Комбайнның қақпағына және блендердің ұстағышына судың тиіп, тамып кетпеуін әрдайым қадағалаңыз.**
3. Комбайнның қақпағын және көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын жұмсақ сәл дымқыл сулықпен сүртіп шығыңыз.
4. Комбайнның қақпағын, блендердің ұстағышын/қондырмасын және көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышын ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға тыйым салынады.
5. Құрылғының сыртқы бетін және оның барлық бөлшектерін құрғақ сулықпен сүртіп шығыңыз.
6. Құрылғыны құрастырып жинаңыз және оны сақтау үшін құрғақ жерге орналастырып қойыңыз.

## **Құрылғыны сақтау және тасымалдау жөніндегі ережелері**

Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс –бұйымның сапасы мен тұтынушы құралының сыртқы түрі сақталуы керек.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тікелей күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, сонымен салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

## **Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар**

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

## **Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері**

<b>Ақауларға қатысты мәселелер</b>	<b>Мүмкін себептері</b>	<b>Ақауларды жою тәсілдері</b>
Құрылғының электр желілік баусымының айыр-төгігін электрлік	Ашалы розетка ақаулы.	Ашалы розеткаға өзге құралды қосу арқылы оның кернеуін тексеріңіз.

коректену желісіне жалғастырып, қосқан кезде блендер құрылғы жұмыс істемейді.	Құрылғының электр желілік баусымы зақымдалған шығар, тексеріңіз.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды тек арнайы жөндеу шеберханасында жұмыс жасайтын мамандары ғана жоя алады.
Жұмыс барысында блендер құрылғы тоқтап қалады.	Блендер құрылғы тым қызып кеткен шығар. Автоматты түрде сөндіру функциясы іске қосылған шығар, тексеріңіз.	Блендер құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалай розеткадан ажыратыңыз, құрылғы толығымен суығанша күте тұрыңыз. Құрылғыны тазартыңыз, оның ішінен тамақ өнімдерінің қалдықтарын алып тастаңыз.
Тағамдық өнімдерді ұсақтау барысында құрылғының күшті дірілі сезіледі.	Өнделетін тағамдық өнімдері тым ірі етіліп туралған.	Тағамдық өнімдерін шағын бөліктерге турап алыңыз.
Жұмыс барысында біртүрлі өткір бөгде иіс сезіледі.	Құрылғы тым қызып кеткен шығар.	Құрылғының үздіксіз жұмыс жасау уақытын азайтыңыз. Құрылғының қосылыс интервалын, яғни қосылыстың арасындағы аралықты (үзіліс уақытын) көбейтіңіз.
	Блендер құрылғы жаңа болғандықтан, сезілетін өткір иіс қорғаныс қабатынан келеді.	Құрылғыны және оның бөлшектері мен қондырмаларын жақсылап тазартып жуыңыз.

**Назар аударыңыздар!** Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолданып, ақаулықтарға қатысты мәселерді шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

## Құрылғының техникалық сипаттамалары

Кернеуі: 220 – 240 В.

Жиілігі: ~50-60 Гц.

Құрылғының максималды қуаттылығы: 1500 Вт.

Номинал қуаттылығы: 800 Вт.

Сыйымдылығы: 2 л.

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

PNB – Polaris сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік блендер құрылғы.

## **Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері**

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

## **Сертификаттау жөніндегі ақпарат**

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады.



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:**

3 жыл

**Кепілдік мерзімі:**

24 ай

Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының арнайы төлқұжат кестесінде көрсетілген.

### **Өндіруші:**

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД

1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

### **Қытайда жасалған.**

### **Импорттаушы:**

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1ғимарат. 13-бөлме.

### **Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

## КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

**Бұйым: Электрлік блендер құрылғы**

**Үлгісі: PNB 1694AL CUBE**

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды, егер де:
  - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
  - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
  - Бұйымды тексеру барысында құрылғыда немесе оның құрастырылымда өзгерістер немесе бөгде бұзу іздері анықталған жағдайда, яғни бұйым ашылып,

бөлшектеніп, қайтадан құрастырылып жиналған болса, сондай-ақ құрылғыны өзбетіңізбен жөндеген жағдайда немесе бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулығында қарастырылмаған жөндеу жұмыстарын бөгде тұлғалардың тарапынан, яғни өкілетті қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын фирмалар өздігінен жүргізген болса немесе қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге тырысқан жағдайда.

5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

**\* Авторизацияланған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)**

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.